ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ОТЫРАР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ОТЫРАРСКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

12.01.2026 жыл

Шәуілдір ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 9

село Шаульдер

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Аудан аумағындағы мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінің жалдау құқығын сату және оның ішінде сауда-саттық (аукцион) арқылы сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 48-бабына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудан аумағындағы мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінің жалдау құқығын сауда-саттық (аукцион) арқылы сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бекітілген тізбедегі жер учаскелерінің жалдау құқығын сату мемлекеттік мүлік тізілімінің e-auction.gosreestr.kz веб-порталында электрондық аукцион ұйымдастыру және өткізу Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Б.Әшір) тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Елекеевке жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Жолдыбай**

000157